

Қамқоршылық кеңесі хаттамасы

№ 1

15.08.2023 ж

Қатысқандар:

Рысжанова Б.Т. – қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Мүшелері:

Қобдабаева Б., Курманалина А., Ан-Тарабакио Н., Кирко О., Абдуллина А.Т.,
Жумашева Г., Жулмагамбетова Г.С. Г.Ауезова

Мектеп әкімшілігі:

Мухашев Е.Е.-мектеп директоры

Хомутова А.К.-ДТІЖО

Т.Алитурлиева - әлеуметтік педагог

Күн тәртібінде

1. 2023-2024 жаңа оқу жылына дайындық
2. « Мектеп жол акциясы »
- 3 Қамқоршылық кеңес құрамы мүшелерінің өзгеруі
4. Жылдық жұмыс жоспарын бекіту

Тыңдалды

Кеңес отырысын Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Б. Рысжанова ашты.

Тыңдалды: Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша 2023– 2024 оқу жылына дайындық барысы туралы мектеп директоры Е.Мухашев баяндап өтті. Мектептің жеңіл жөндеу жұмыстары кіші қызметкерлер көмегімен жасалды. Оқу кабинеттері, дәліздер әктеліп, сырланып, оқу жылына дайын болды. Биылғы оқу жылын 40-тың үстінде класс комплектімен оқу жылын бастайтыны айтты. Сабақтың ұзақтылығы 45 минуттан ұсынылып жатыр, бірақ кешкісін екінші ауысым кеш аяқталады, соған байланысты сабақ ұзақтығын 40 минуттан қалдыруға ұсыныс жасады. Оқу жылының басында «Мектепке жол» акциясы жұмысы туралы, сонымен қатар мектептің әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларға көмек көрсету жағына тоқталды.

Тыңдалды: Әлеуметтік педагог Т. Алитурлиева тамыз айында «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру жұмыстары жүргізіліп жатыр, мектебіміздің ауданына қарасты дүкендер мен мемлекеттік мекемелер және жеке кәсіпкерлерге қатынас хаттар таратылды. Осы жұмыстар аясында жеке кәсіпкер «Матчанова » А4 қағазбен көмек жасады. Мектепте 66 оқушы қаржылай көмек алды. 66 оқушыға 2, 677 422 теңге қаржылай көмек берілді. Бұл жұмыстар әлі күнге дейін өзінің жалғасын табуда.

Тыңдалды: А.Хомутова қамқоршылық кеңесінің құрамының өзгеруі және толықтырылуы болатыны туралы айтты.

"Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы № 56 бұйрығына сәйкес қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларының 16-17 тармағына сәйкес Қамқоршылық кеңестің отырысы тоқсанына кемінде 1рет өткізіледі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 6 наурызда № 32011 болып тіркелді Қамқоршылық кеңестің құрамына:



- 1) осы білім беру ұйымындағы білім алушылардың ата-аналары немесе заңды өкілдері (әрбір сынып параллелынен осы білім беру ұйымындағы білім алушылардың бір ата-анасы немесе заңды өкілі) – 11 адамнан аспайды;
- 2) педагогикалық еңбек ардагерлері (бар болса) – 1 адам;
- 3) жергілікті өкілді және/немесе атқарушы, және/немесе құқық қорғау органдарының өкілдері – 1-3 адам;
- 4) үкіметтік емес (коммерциялық емес) ұйымдардың өкілдері – 1-2 адам;
- 5) қайырымдылық жасаушылар және/немесе меценаттар (бар болса) – 1-2 адам;
- 6) бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері (бар болса) – 1 адам;
- 7) оқушылық өзін-өзі басқару органдарының өкілдері – 1-2 адам.

Осы шарттар бойынша құрам өзгереді, толықтырылады.Өзін ұсынатын адам арыз жазып, өзінің келісімін береді, кеңес құрамына кіреді

Тыңдалды: төрайым Б. Рысжанова, жиналған қамқоршылық кеңесінің мүшелеріне жылдық жұмысының легімен таныстырды.

Шешімі:

1. Мектептің 2023-2024 жана оқу жылына дайын деп есептелді.
2. 2023-2024 оқу жылындағы «Мектепке жол акциясы» өз жалғасын тапсын.
3. Қамқоршылық кеңесінің құрамының өзгеруі қабылдансын.
4. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары қабылдансын

Төрайымы:  Б.Рысжанова
Топ мүшелері  Б.Қобдабаева
 А.Курманалина
 О.Кирко
 А.Абдуллина
 Г.Ауезова
 Г.Жумашева
 Т.Жулмагамбетова
 Н. Ан-Тарабакио